

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізіп отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 58 қаулысы

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізіп отырып, карантиндік аймақ осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның орыс және қазақ тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикалық нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облысы әкімдігінің
2024 жылғы 18 наурыздағы
№ 58 қаулысына қосымша

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 06.01.2026 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Аудан, қала атауы	карантинді объектілер атауы					
		зиянкестер		аурулар		арамшөптер	
		оңтүстік америкалық қызанақ	шығыс жеміс	жеміс ағаштарының	қызанақ жемісінің қоңыр		

		күйесі, гектар	жемірі, гектар	қауын шыбыны, гектар	бактериял ық күйігі, гектар	қатпарлы вирусы, гектар	жатаған у кекіре, гектар	арамсоюу, гектар
1	Арыс			365			110	90
2	Бәйдібек						101,4	4
3	Қазығұрт						147,7	69,92
4	Жетісай			341,1				8,8
5	Мақтаарал			1947,3		2		27,6
6	Ордабасы						493	35,3
7	Отырар			541			5	13,03
8	Сайрам						1	4,1
9	Сарыағаш	12,1					208,7	51,42
10	Сауран			155			80,9	8,5
11	Созақ						194,5	
12	Келес	1,7					50,8	83,55
13	Төлеби		68		1		56,8	152,017
14	Түлкібас						50	4
15	Шардара			574			110	89
Жиыны:		13,8	68	3923,4	1	2	1609,8	641,237

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК